

**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ФИЛИАЛЫ
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСШЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАТЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ
Құрметті әріптестер!**

«Өрлеу» «Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» Акционерлік Қоғамының филиалы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлері біліктілігін арттыратын республикалық институты Жедел жсопарына сәйкес Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының ұйымдастыруымен **2018 жылдың 26 қыркүйегінде** «Рухани жаңғыру - ұлттық білім беру мен ұлттық сананың жаңа белесі» атты **ғылыми-практикалық конференция** өткізіледі. Аталған шараға қатысуға «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарының оқытушылық-профессорлық құрамы, барлық типтегі білім беру ұйымдары басшылары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтар шақырылады.

Ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты: білім беру ұйымдарында ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын жүйелеуге ықпал ету, білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, тәжірибе алмасу.

Конференцияның жұмыс бағыттары:

1. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі кәсіби шеберлік тәжірибелер, инновациялар;
2. Рухани жаңғыру аясында ұлттық тәрбие мен білім беру.
3. Жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беруді ұйымдастырудың тиімді жолдары

Өткізілетін орны: «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлері біліктілігін арттыратын республикалық институты. Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 61 үй.

Басталуы сағат: 10.00.

Конференция қорытындысы бойынша мақалалардың электронды жинағы шығарылады. Мақалаларды жариялау тегін. Конференцияға қатысушылардың материалдарын қабылдау 23 шілдеден 19 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.

1. Конференцияға қатысуға ұсынылған формадағы өтініш (1 қосымша);
2. Талапқа сәйкес рәсімделген мақала мәтіні (2 қосымша).

«Рухани жаңғыру - ұлттық білім беру мен ұлттық сананың жаңа белесі»
тақырыбындағы Республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға

Тапсырыс

1	Аты-жөні, тегі (толық)	
2	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, құрметті атағы	
3	Атқаратын қызметі (толықтай, қысқартусыз)	
4	Баяндама тақырыбы	
5	Байланыс телефондары, электрондық поштасы	

Жарияланатын материалдарға қойылатын талаптар

Мақаланың көлемі - 6-8 бет. Безендіру ережесі: шеткі сызықтар 20мм барлық жағынан, шрифт MS Word Times New Roman, кегль – 14; аралық - 1 интервал, автордың аты-жөні, тегі – оң жағынан туралау, жартылай қою, курсив; ұйым атауы толық жазылады - оң жағынан туралау, курсив; тақырыбы – ортасынан туралау, бас әріптермен, жартылай қою;қысқаша аннотация (қазақша, орысша, ағылшынша) – 8 жолға дейін; тірек сөздер – 4-6 сөз; негізгі мәтін форматының азат жолы: бірінші жол аралығы 1,25см, ұзындығына қарай туралау, мәтінде түзілу ретіне қарай дереккөздердің библиографиялық қайнарлары көрсетіледі. [1, 258 б].

Конференция материалдары мына электронды адреске қабылданады:
b_arzanbaeva@mail.ru, agima1965@mail.ru.

Конференция материалдары «Өрлеу» БАҰО АҚФ ҚР БЖҚБАРИ сайтында жарияланады.

Ұсынылған материалдар конференция тақырыбы мен талаптарға сәйкес болмаған жағдайда ұйымдастыру комитеті автордың жұмысын жарияламау құқығына ие. Материалдарға пікір берілмейді және қайтарылмайды. Жарияланған материалдың мазмұнына автор жауап береді.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі телефондарға хабарласуға болады:
Арзанбаева Бақытжамал Оразғалиевна - 8-7017103578, Маханбетова Агима Абиловна 8-7772037834, Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасы - 8-727-2674466.